Салықтар мемлекеттік кірістердің негізгі көзі болып табылады. Олардың есебінен қоғамның негізгі қажеттіліктеріне қаржы бөлінеді, олар: халықты әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, экономиканы дамыту, абаттандыру, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету және т.б., яғни салық қоғамның тіршілік әрекетін және халықтың тұтастай мемлекеттіліктің аясындағы өмірін қамтамасыз етеді. Көлеңкелі экономиканың бюджеттік-салықтық жүйеге келтіретін зияны мемлекеттің орнықты дамуына және өмірлік іс-әрекетіне елеулі қауіп-қатер төндіреді.

Салық базасын төмендету мөлшерін анықтау, түсімдерді жасыру, бюджеттен алынған салықты заңсыз қайтару үкімет, құқық қорғау және бақылау органдарының қызығушылығын тудыратыны сөзсіз. Бағалаудың күрделілігі көлеңкелі қызметтің серпініне ықпал ететін негізгі көрсеткіштерді зерделеу негізінде тұжырымдамалық жиынтықты жүйелеу және келтірген зиянды бағалау әдістерін әзірлеу қажеттілігіне байланысты.

Көлеңкелі экономика мемлекеттік есеп алу мен бақылаудан бөлек дамиды, сондықтан ол бюджеттердің барлық деңгейлердегі салық төлемдерінің берешектеріне әкеледі. Бұл феномен әрбір экономикалық жүйеге тән. Дегенмен, егер дамыған елдерде оның үлесіне ЖІӨ-нің 7-8% -ы келсе, Дүниежүзілік Банктің деректеріне сәйкес Қазақстанда бұл көрсеткіш ЖІӨ-нің 20,5 % құрайды [2]. Өзге деректер бойынша бұл көрсеткіш іс жүзінде 2,5 есе көп (АССА) [3]. Бағалау нәтижелерінің айырмашылықтары халықаралық деңгейде болсын, ел ішіндегі сарапшылардың деңгейінде болсын жетерлік. Көрсеткіштердегі үлкен айырмашылық экономистердің көлеңкелі экономика деңгейін бағалау үшін бірыңғай көзқарас таппағанын көрсетеді.

Қате есептеулер макроэкономикалық көрсеткіштердің жүйесін құруға мүмкіндік бермейді, бұл, өзкезегінде макроэкономикалық саясатты жүргізу үшін дұрыс стратегияны таңдауға кедергі туғызады. Экономикадағы көлеңкелі үдерістерді болдырмаудың бірыңғай кешенді тәсілі осы уақытқа дейін табылған жоқ. Оларды анықтауға бағытталған барлық іс-шаралар ескі әдістерге негізделген. Көлеңкелі айналымның көлемін азайту - бюджетке салық жинауды арттырудың басты міндеті, бірақ оған кез келген тәсілмен қол жеткізуге болмайды. Шаруашылық субъектілердің қызметін басқаруды күшейту, салық органдарының өкілеттіктерін кеңейту экономикалық өсімнің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Көлеңкелі үдерістерді анықтау құралдарын тиімді енгізу және заңға бағынатын салық төлеушілердің мүдделерін бұзбау үшін оларды мұқият таңдау қажет [4].

Проблеманың зерттелу жағдайы. Көлеңкелі экономиканы анықтау және алдын-алу мәселелері А. Clay, К. Hart, Н. DeSoto, S. Richardson, В. Baumohl, N. Raford, М. Pisani, Р. Utting, F. Schneider, R. Cooter, D. Dallago және т.б сияқты шетел ғалымдарының іргелі еңбектерінде қарастырылады. Осы мәселе бойынша материалдар мен жарияланымдарды зерттеу жұмысының нәтижесінде барлық теориялар көлеңкелі экономиканың феноменін анықтауға және сипаттауға бағытталған деп айтуға болады.

Экономиканың көлеңкелі секторын бағалаудың әдістемелік аппаратын құру туралы мәселелер J.Black және F.Schneider еңбектерінде толық сипатталған.

Отандық ғылым субъективті және объективті себептерге байланысты шетелдік теорияларға негізделеді. Оған қарамастан, көлеңкелі экономиканы анықтау және алдын-алу туралы жарияланымдар мен мақалалар аз емес. Л.Лаумулиннің, Р. Б. Ғабдуллиннің, А. А. Нұрымовтың, Б.Т.Аймурзиннің және т.б еңбектері бар.

Қазақстанда көлеңкелі экономиканың Қазақстан Республикасы бюджетінің кірісіне әсер ету мәселесі зерттелмеген. Біраз жұмыстар көлеңкелі экономиканың жалпы түсінігіне және оның теріс әсерлері туралы айтады. Осы бағыт бойынша С. И. Богачев, З. П. Загоскина, Н. А. Байжанов, М. К. Әбдіразақова және т.б зерттеу жұмыстарын жүргізген. С.И.Богачев экономикалық қылмыстар мен экономиканың бақыланбайтын секторы арасындағы байланысты талдап, көлеңкелі айналымға ресурстарды аударудың себептерін анықтады және оны алдын-алу үшін жалпы ұсынымдар берді.

З.П.Загоскина көлеңкелі экономиканың құбылысына анықтама беріп, көлеңкелі үдерістердің ұлттық шаруашылықтың барлық салаларындағы әсерін талдады. Н.А.Байжанов көлеңкелі экономиканы алдын алу үшін жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігіне баға беріп, аймақтық және елдік деңгейде көлеңкелі үдерістерге қарсы тұру үшін жалпы ұсыныстар жасады. М.К.Әбдіразақова көлеңкелі сектордың еңбек нарығына әсерін және экономиканың көлеңкелі секторында қызмет атқаратын жұмыскерлердің әл-ауқаты деңгейін талдады.

Алайда, зерттеу жұмыстарының қорытындылары көлеңкелі экономиканың бюджетке әсер ету тақырыбын нақты экономикалық және математикалық аппаратын пайдалану тұрғысынан толық ашпайды.

Теориялық және әдіснамалық тұрғыда Е.С.Бирюкованың, А.П.Кириенконың, М.А.Федорованың, Ю.Г.Копылованың, Е.А.Кондратьеваның және т.б ресейлік экономистердің экономикадағы көлеңкелі үрдістерді анықтау және алдын алу саласындағы еңбектері маңызды болып табылады.

Э.ғ.к П. П.Журилоның еңбегі зерттеу тақырыбына мейлінше жақын. Автор көлеңкелі экономиканың проблемасын экономикалық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатер ретінде қарастырады. Қоғамдағы көлеңкелі үдерістерді бақылау тетігін құру барысында автор көлеңкелі үдерістердің нақты салықтар бойынша келтіретін зиянын ескермейді, алайда олар зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен шынайылығын қамтамасыз етеді. Осы жұмыста тек бейресми қызметті бақылау ұсынымдары беріледі. Автор көлеңкелі сектордың ауқымын бағалау үшін матодологиялық аппаратты әзірлеуді ұсынбайды, бұл, өз кезегінде бюджеттің кірістеріне келтірген зиян туралы шынайы деректер алуға мүмкіндік бермейді.

Осылайша көлеңкелі үдерістерді зерттеу туралы ғылыми еңбектердің болғанына қарамастан, экономикалық ғылымда осы зерттеу объектісінің ел бюджетінің кірісіне әсерін бағалау мәселелерінде кемшіліктер бар. Бұл көлеңкелі үдерістердің мемлекеттік бюджетке келтіретін зиянын бағалауға мүмкіндік беретін кешенді аппаратты әзірлеудің өзекті қажеттілігіне қайшы келеді. Оның Қазақстандағы өзектілігі бюджеттік саладағы реформалармен негізделеді (Мемлекеттік кірістер комитетінің құрылуы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер туралы кодексін әзірлеу және т.б.). Отандық зерттеулер реформаларды өткізгеннен кейінгі қазіргі жағдайды ескермейді, сондықтан олардың нәтижелерін іс-жүзінде қолдану мүмкіндіктері шектеулі. Осы зерттеу жұмысы бар кемшіліктерді жоюға бағытталады.

Осы диссертациялық жұмыстың мақсаты көлеңкелі экономика феноменін кешенді зерттеуге және оны анықтауға, ел бюджетіне келтіретін зиянын бағалауға және ықпал ету факторларымен ауқымын азайту методологиясын әзірлеуге негізделген.

Берілген мақсатты іске асыру келесі **міндеттердің** шешілуін қарастырады:

1. Көлеңкелі экономиканы зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін анықтау;
2. Көлеңкелі экономиканың мемлекеттік бюджетке ықпал ету тетігін және онымен байланысты ел экономикасындағы үдерістерді анықтау;

3. Қазақстандағы экономиканың көлеңкелі секторымен байланысты қазіргі проблемаларын анықтау;

4. Көлеңкелі экономиканың Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетіне келтіретін зиянын талдау;

5. Көлеңкелі экономикалық қызметті анықтау үшін экономикалық-математикалық модельді ұсыну;

6. Көлеңкелі экономикалық қызметтен бюджетке тиетін зиянды азайтудың факторлары мен сценарийлерін әзірлей отырып, талдау;

Зерттеу нысаны ретінде көлеңкелі экономика және мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі таңдалды.

Зерттеу пәні ретінде көлеңкелі экономиканың Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетіне әсері және онымен байланысты экономикадағы үдерістер алынды.

Диссертациялық зерттеудің **теориялық және әдіснамалық негізі** неоклассикалық, институционалдық және неоинституционалдық теориялардың жалпы жетістіктеріне, сондай-ақ көлеңкелі экономика саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына негізделген. Зерттеу жұмысында дерексіз-логикалық, аналитикалық, монографиялық, экономикалық-статистикалық, социологиялық, сарапшылық әдістері, сондай-ақ экономикалық және математикалық модельдеу әдісі пайдаланылды.

Сонымен қатар **ақпараттық база** ретінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс комитетінің, Қаржылық бақылау комитетінің, ҚР ҰЭМ СК-нің, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің деректері, ҚР ІІМ-нің, шағын және орта бизнес өкілдерінен қойылған сұрақтардың жауаптары және т.б тартылды.

Салыстырмалы анализ үшін зерттеуде World Bank, World Drug Report, European Drug Report, Italian National Institute of Statistics, Transparency International, International Finance Corporation, United Nations Statistics Division деректері пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңашылдығы: көлеңкелі экономиканың мемлекеттік бюджеттің кірісіне келтірген нақты зияны алғаш рет жан-жақты зерттелді.

Бюджетке келтірілген зиянды кірістердің 90-нан аса пайызын құрайтын негізгі салықтар тобының келтірген зияны тұрғысынан жалпы бағалау ұсынылуда. Экономикадағы көлеңкелі үдерістерді бағалау проблемасының шешімі макроэкономикалық саясатты жүргізудің дұрыс стратегиясын таңдаумен байланысты.

Қазақстан экономикасының көлеңкелі экономикамен байланысты қазіргі проблемаларын талдай отырып, автор жасырын экономикалық үдерістерге қарсы тұру үшін Қазақстанда қолданылатын әдістердің тиімділігін бағалады.

Ғылыми жұмыста көлеңкелі экономиканы және бюджеттік салаға келтіретін зиянын анықтаудың жаңа экономикалық және математикалық моделі ұсынылады және ол әлемде теңдесі жоқ шетелдік тәжірибе элементтерін қамтиды. Бұл модель экономикада көлеңкелі үдерістерді болдырмау және

бюджеттің кіріс бөлігін арттыру мүмкіндіктеріне жаңа ғылыми көзқарасты ашып көрсетеді.

Қорғауға шығарылатын диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары:

1. Көлеңкелі экономика дегеніміз – бұл қосымша кіріс алу мақсатында экономикалық қызметтің нәтижелері мен үрдістері әдейі бұрмаланатын секторы (соның ішінде жасырын). Статистикалық есеп, экономикалық талдау және мемлекеттік басқару үшін көлеңкелі экономика тұжырымдамасынан үй (бейресми) экономика түсінігін ажырату қажет.

2. Бюджетке түсетін кірістердің төмендеуі Экономиканы мемлекеттік реттеу институттарының жеткіліксіз қаржы бөлгенінің нәтижесі болып табылады және азаматтар әл-ауқатының деңгейін төмендетудің себебі болады, бұл өз кезегінде көлеңкелі экономиканың одан әрі өсуіне әкеледі. Бұл феноменді ұзақ уақыт елдің экономикасын күйрететін «көлеңкелі экономикалық спираль» ретінде анықтау керек.

3. Қазақстанда жасырын экономикалық үдерістердің ауқымын бағалау үшін қолданылатын әдістер көлеңкелі экономиканың нақты деңгейін көрсетпейді, тіптен бір-біріне қайшы келіп, бірлік пен жүйелік қағидаттарына жауап бермейді, нәтижесінде мемлекет бюджеттегі салықтық төлемдердің ағымдағы және болжанған жетіспеушіліктерін тексеруді қамтамасыз етпейді.

4. Аталған мәселелерді шешу үшін экономикалық, институционалдық және өңірлік факторларға негізделген, бюджеттік салаға әсер ететін көлеңкелі үдерістерді анықтауға бағытталған экономикалық-математикалық модельді қолдану қажет. Оның көмегімен экономиканың көлеңкелі секторының ауқымын және шаруашылық секторы ресурстарын көлеңкелі айналымға аудару әдістерін, жасырын және жалған қызметтің тәуекелдерін бөле отырып, бағалауға болады, себебі қызметтің осы түрлерінің параметрлерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ғылыми жұмыста ұсынылған экономикалық-математикалық модель салық салудан жалтарудың тиімділігіне, айыппұл салу тәуекелдерінің ауқымына, әлеуетті салықтарды төлеу бойынша шығындардың мөлшеріне байланысты шаруашылық қызметті жүргізу стратегиясына негізделеді.

5. Дәлелдерді топтық есепке алу әдісіне сүйене отырып, негізгі факторлар айқындалды. Олардың әсерінен кәсіпорындар ресурстарды көлеңкелі секторға аударады. Бұл - шаруашылық субъектілеріне салық мөлшерінің артуы; мемлекеттің қоғамдық қажеттіліктерге жіберетін салық түсімдері үлесінің азаюы; кәсіпорынның иелігінде қалатын пайданың қысқаруы; кәсіпорындардың шаруашылық қызметін реттейтін ішкі заңнаманың тұрақсыздығы. Бюджеттік зиянды қысқартудың авторлық сценарийі шаруашылық субъектілер үшін «антифакторлық» жағдайларды қалыптастыруды болжайды, онда ресурстарды көлеңкелі секторға аудару экономикалық тұрғыдан орынсыз болады.

Осы зерттеу қорытындыларының **шынайылығы мен негізділігі** көлеңкелі экономика феноменін, көлеңкелі сектордың Қазақстан бюджетіне келтірген зиянды бағалауға арналған әдіснамалық аппараттың әзірлемесін кешенді

талдауға, диссертацияның нысанына, пәніне, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қазіргі заманғы теориялық әдістердің жиынтығын пайдалануға, зерттеу көзінің көрнекілігіне, қорытындыларды жария етуге негізделеді.

Зерттеу жұмысы барысында алынған қорытындылардың **практикалық маңызы** оларды мемлекеттік деңгейде көлеңкелі экономикаға қарсы тұру тұжырымдамасын әзірлеуде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер туралы кодекс нормаларын әзірлеуде, ішкі салық заңнамасының нормаларын жетілдіруде қолдануға мүмкіндік береді.

Көлеңкелі экономиканың бюджетке келтірген зиянын бағалау мақсатында әзірленген экономикалық-математикалық модельді елдің нақты экономикалық дамуының ағымдағы және болжамды күйін анықтау үшін, сондай-ақ оны экономиканың көлеңкелі секторын болдырмау шараларының тиімділігін бағалау үшін пайдалануға болады.

Көлеңкелі үрдістерді анықтау әдісін мемлекеттік органдар шаруашылық субъектілерінің ресурстарын көлеңкелі айналымға аударуға жол бермеу және, тиісінше, салық берешегін жою үшін пайдалана алады.

Көлеңкелі айналымға қаржы ағындарын аударудың анықталған әдістері Қазақстан аумағында көлеңкелі қызметке қарсы әрекет ететін мемлекеттік органдарға (ҚР ПМ, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы бақылауы комитеті және т.б.) бақылау жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында қолдануға мүмкіндік береді.

Көлеңкелі экономиканың бюджеттің кіріс бөлігіне теріс әсерін төмендетудің негізгі қағидаттарын бақылаушы органдар кәсіпорынның кірістерінің бір бөлігін жасырып қалуды, көлеңкелі секторға қаражат аударуды немесе салық төлеушілердің салықтық жеңілдіктерді заңсыз пайдалануын алдын алу шараларын негіздеу және енгізу үшін пайдалана алады.

Апробация және нәтижелерді ұсыну. Диссертацияның қорытындылары келесі халықаралық ғылыми-шаралар барысындағы баяндамаларда көрініс тапты:

- «Proceedings of the 17-th International Scientific Conference Finance and Risk 2015» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, Братислава қаласы;

- «Қазіргі заманның тиімді зерттеулері» атты X халықаралық ғылыми конференциясы, Мәскеу қаласы;

- «Экономика және басқару: дамудың үдірістері мен әдлеуетін талдау» XXXIII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, Новосибирск қаласы;

- «Нарық және өндіріс тиімділігі-14» XXXIII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, Көкшетау қаласы;

Жарияланымдар. Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары төмендегі басылымдарда жарияланды:

- Scopus компаниясының деректер базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторлы ғылыми журналда 3 мақала;

- ҚР БҒМ БҒБЖК ұсынатын ғылыми басылымдарда 3 мақала;

- жоғарыда аталып өткен халықаралық конференциялардың жинақтарында

4 мақала.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиет көздерінің тізімінен және төрт қосымшадан тұрады. Негізгі мәтін 176 бетті, 9 кестені және 51 суретті қамтиды. Библиографиялық тізім 246 дереккөзден тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Көлеңкелі экономиканы зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарау аясында көлеңкелі экономиканың экономикалық мазмұнын анықтаудағы әртүрлі тәсілдер, көлеңкелі экономиканың мемлекеттік бюджетке әсерін анықтаудағы ғылыми тәсілдер және онымен байланысты экономикадағы үдерістер зерттелді.

Зерттеу жұмысының осы бөлімінде «көлеңкелі экономика» түсінігін айқындауға бағытталған негізгі тәсілдерге басты назар аударылады.

Көлеңкелі экономиканың 120 анықтамасы ғылыми білімнің шолу-монографиялық, тарихи, логикалық, аналитикалық, салыстырмалы әдістеріне негізделген.

Шын мәнінде, әдіснамалық қарама-қайшылық түсінікті анықтау кезіндегі терминологиялық айырмашылықтардан, көлеңкелі экономикаға жатқызуға тиіс іс-әрекеттерді таңдаудан туындайды.

Экономикалық теория әлі күнге дейін көлеңкелі экономиканың әмбебап анықтамасын әзірлемеген, оның себебі авторлардың тұжырымдамалық келіспеушілігіне және әртүрлі елдерде оған ерекше көзқарастардың болуына байланысты. Бұл факт маңызды теориялық және әдіснамалық проблеманы көрсетеді, себебі қазіргі уақытта «көлеңкелі экономика» термині кең таралған және мемлекеттік басқарудың нысаны болып табылады.

Осы бөлімде жүргізілген теориялық және әдіснамалық талдаулардың қорытындылары бойынша статистикалық есепке алу, экономикалық талдау және мемлекеттік басқару үшін көлеңкелі экономика тұжырымдамасынан үй (бейресми) экономикасын алып тастау ұсынылады. Бұл оның қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық үдерістерін тұрақтандырушы сипатымен, қазақстандық қоғамның маңызды бөлігінің дәстүрлі сипатын сақтаумен, сондай-ақ оны нысандандыру мен бақылау күрделілігімен негізделеді.

Көлеңкелі экономикалық қызметті зерттеу барысында оның мәнін түсіну үшін оның құрылымын және паттерндерін, яғни жүйелі түрде қайталанатын, белгілі бір мазмұнға инвариантты және мұндай қызметтің макроөндеуін дәл көрсететін экономикалық қылықтың үлгілерін анықтауға басты назар аударылады. Бұл құрылымды анықтау көлеңкелі экономикалық белсенділіктің үлгілерін түрлеріне қарай бөліп жасауға, өзгертіп және маңызды элементтерді егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік береді, бұл кез келген деңгейдегі жүйелердің экономикалық қауіпсіздігін арттыруға пайдалы.

Жалпы көлеңкелі экономиканың тұрақсыздандырушы функциясы туралы айтсақ, зерттеудің осы бөлімінде оның бюджет кірістеріне келтіретін тікелей және жанама әсері көрсетіледі. Мемлекеттік бюджет кірістерінің

жетіспеушілігінен басқа көлеңкелі экономикалық қызмет заңды сектордағы өндірістік үдерісті ұйымдастыруға деструктивті әсер етеді. Егер қоғамда бейресми жұмысқа тұру ауытқу ретінде қарастырылмаса, онда көлеңкелі сектор заңды еңбек нарығының мемлекеттік бюджетті қаржыландыру әлеуетін едәуір азайтып, жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін ресми еңбек нарығымен ашық түрде бәсекелеседі. Көлеңкелі экономика бәсекелестік режиміне, өндірістің сапасына, еңбек бөлінісіне, еңбек өнімділігінің қазіргі жағдайына, тұтынудың жалпы құрылымына, өндірісіне қауіпті әсер ететіндігі анықталды. Салықтық қатынастар саласындағы деформация салық ауыртпалығын бөлуге әсер етеді, соның салдарынан бюджеттің шығыстары азайып, бүкіл салық саласының құрылымы деформацияланады.

Бірінші бөлімде көптеген әдістер зерттелді, ал олардың айырмашылығы мейлінше шынайы және объективті әдістер туралы мәселеге бірыңғай көзқарастың жоқтығын растайды. Сонымен қатар, әртүрлі елдердің ерекшеліктеріне, аймақтардың, салалардың, кәсіпорындардың және т.б. ішкі ерекшеліктеріне, статистикалық деректердің жетіспеушілігіне байланысты әр жағдайда тиісті әдісті таңдау, қолданыстағы әдісті түрлендіру немесе бірнеше әдістерді біріктіру қажеттілігі туындайды.

«Көлеңкелі экономика және оның Қазақстандағы қазіргі салдары» жеп аталатын екінші тарауда автор Қазақстанның экономикасының көлеңкелі секторымен байланысты қазіргі заманғы проблемаларын, сондай-ақ көлеңкелі экономикалық қызметтің бюджет кірістеріне келтіретін зиянын талдады. Жасырын экономикалық үдерістерге қарсы тұру үшін Қазақстанда қолданылатын әдістердің тиімділігіне кешенді бағалау жүргізілді.

Көлеңкелі сектормен байланысты мәселелерді нақты түсіну үшін автор соңғы жылдардағы оның динамикасына талдау жасады. «Көлеңкелі бизнес» үшін ең тартымды секторларды көрсететін салалық бөлшектеу көлеңкелі экономикалық қызметтің айқын көрінісін береді. Қазақстан экономикасының секторларындағы көлеңкелі белсенділік біркелкі еместігі анықталды. Экономиканың «көлеңкелі» салаларының көшбасшылары: ауыл шаруашылығы, сауда, құрылыс және көлік. Көлеңкелі қызметтің минималды түрде пайдалы қазбаларды өндіруге (7%), мұнай, газ және су өндіруге және таратуға (21% -ға дейін) келеді, себебі бұл салалар мемлекеттің толық бақылауында.

Халық табыстары деңгейінің төмендеуі және оларды саралау халық арасындағы көлеңкелі қызметтің артуына алып келді. Бұл, әсіресе, ауыл шаруашылығында және көлік саласында байқалады, өйткені бұл салалардың салықтық әкімшілігі қиындау. Кәсіпорындарға келетін болсақ, кірісті барынша арттыру үшін, олар көбінесе нөлдік шот-фактураларды беру, қосымша қаржылық есеп беру, шетелдік фирмалар арқылы капиталды шығару және т.б. арқылы салық салу базасын кемітуде. [5]

Көлеңкелі экономикалық қызметтің бюджетке келтіретін зиянын айтатын болсақ, автор салық түсімдерінің жалпы көлеміндегі салықтың жекелеген түрлерінің нақты салмағын түсіну үшін кірістер құрылымын және салық түсімдерін талдайды. Қазақстанның мемлекеттік бюджеті кірістерінің 2/3-і салықтық түсімдермен тұратыны анықталды. Салық төлеушілер қаражатының

басым бөлігі КТС, ЖКС және ҚҚС-дан келеді. Қаралып отырған кезеңдегі ҚҚС төлеуден жалтарудың мөлшері 50% -дан асады. Салықтарды толық төлемеудің негізгі себептері салық заңнамасының жетілмегендігімен, ірі және орта салық төлеушілерді басқарудағы кемшіліктермен байланысты. Сондай-ақ, тексеріс бюджет кірістерінің маңыздылығымен емес, салық төлеушінің түріне байланысты жүргізілетіні анықталды. Салықтың жиналуын талдау қорытындысы бойынша ірі және орта салық төлеушілерді тексеру ең тиімді екені айқындалды. Салықтық тексерулердің ең көп саны жеке табыс салығына келеді, бірақ оның бюджетке қосымша төлемі шамалы. Көптеген қосымша төлемдер корпоративтік табыс салығынан түседі, бірақ ол жеке табыс салығына қарағанда аз тексеріледі.

Көлеңкелі экономиканың дамуы көптеген қылмыстық құрылымдардың пайда болуына және олардың құқықтық экономикамен бірігуіне әкеледі. Жалған әрекет ерекше ауқымды алуда, өйткені қызметтерді көрсету туралы жалған шарттарды жасасуға байланысты ақшалай қаржыны қолма-қол ақшаға айырбастау көлемі кеңінен таралған. Елдегі көлеңкелі қызмет пен жемқорлық өзара бір-бірімен байланысты, сондықтан Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі көлеңкелі экономикадағы ұқсас проблемаларды көрсетеді.

Қазақстанда көлеңкелі экономиканың көлемін (2013 жылға дейін және одан кейінгі) бағалау үшін қолданылатын әдістердің тиімділігін жан-жақты бағалау көлеңкелі экономиканың нақты деңгейін көрсетпейтіндігін дәлелдеді.

Ағымдағы есептеулерді жетілдіру үшін автор көлеңкелі экономиканың қолданыстағы жалғыз анықтамасын нормативтік бекіту және оның салаларын саралау; осы статистика органдарының деректерін салалық министрліктер мен ведомстволардың ақпаратымен біріктіру; деректерді жинау жүйесін жетілдіру сияқты бірқатар шаралар ұсынылады.

Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігіне келтірілген зиянды бағалау үшін ұсынылған әдісіне сүйенсек, осындай зиян қаралып отырған кезең ішінде 23-дан 45% -ға дейін артқаны анықталды. Алайда, Қазақстан Ұлттық қордың қаражатына жүгініп, бюджет тапшылығы мәселесін тұрақты түрде шешіп отырады. Бюджет тапшылығы қаралып отырған барлық кезең өте сыни диапазонда орналасқан - 3-4%, тек 2016 жылы ол жөнге келді -1,6%. Мемлекеттік бюджеттің кірісі өсуде, бірақ оның мөлшері шамалы. Сонымен бірге көлеңкелі қызметтің өсуі шоғырландырылған бюджеттің кіріс бөлігінің өсуімен салыстыруға болады, бұл, көлеңкелі экономика ұзақ дамып келе жатқан елдерде 8% -дан аспайтын қауіпсіз жолды асып өткенін көрсетеді.

«Көлеңкелі экономиканың бюджетке түсетін кірістерге тигізетін теріс әсерін бағалаудағы экономикалық әдістерді жетілдіру» деп аталатын үшінші тарауда көлеңкелі экономикалық қызметті анықтайтын автордың экономикалық және математикалық моделі әзірленеді, көлеңкелі экономикалық қызметтің келтіретін бюджеттік залалдарды төмендету үшін факторлары мен сценарийлері талданады, көлеңкелі экономиканың көлемін азайту жөніндегі ұсынымдар беріледі, оның салдары туралы айтылады.

Кәсіпорын деңгейіндегі жасырын экономикалық қызметті анықтау көлеңкелі айналымның пайда болуының негізгі себебін, яғни салық заңнамасын

жүзеге асыруда мемлекет тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігін жоюға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешу көлеңкелі экономикаға қарсы тұрудың кешенді бағдарламасын құру үдерісін айтарлықтай жеңілдетеді.

Сәйкестендіру сынақ және қателік әдісі негізінде кездейсоқ жасалмауы керек - бақылаушы органдардың қызметін жаңа деңгейге шығаруға болатын алгоритмдер, ойластырылған модель қажет [6]. Модель жасау барысында автор сын-қатерді жасырын және жалған әрекеттерден ажыратады, өйткені қызметтің осы түрлерінің параметрлерінде айтарлықтай айырмашылығы бар. Осы бөлімде ұсынылған экономикалық және математикалық модель салық салудан жалтарудағы кірістілігіне, айыппұл салу тәуекелінің көлеміне, әлеуетті салықтарды төлеуге жұмсалатын шығындардың мөлшеріне байланысты экономикалық қызмет стратегиясына негізделеді.

Көлеңкелі экономикалық қызметті сәйкестендіру моделін іске асыру үшін салық төлеушінің заңға бағынушылығын бағалау қажет. Жұмыстың шеңберінде 7 топтың көрсеткіштеріне негізделген осындай бағалауды жүргізу үшін экономикалық және математикалық құралдары, сондай-ақ іскерлік орталардың контрагенттері арасындағы кіріс және шығыс ағындарының теңгерімсіздігін анықтайтын және шығындар құрылымын есепке ала отырып, адал шаруашылық субъектілерінің ұқсас қызметі бойынша орташаланған нормативтік негізде бағалау әдісі ұсынылады [6].

Автордың пікірінше, көлеңкелі секторға қарсы тұрудың тиімді құралы экономикалық және әкімшілік шаралар арасындағы тепе-теңдікті анықтау болып табылады. Дәлелдерді топтық есепке алу әдісімен талдай отырып, негізгі факторлар айқындалады, олардың әсерінен кәсіпорындар жасырын секторға ресурстарды аударады. Олар:

- шаруашылық субъектілеріне салық мөлшерінің артуы;
- мемлекеттің қоғамдық қажеттіліктерге жіберетін салық түсімдерінің үлесінің азаюы;
- кәсіпорынның иелігінде қалатын пайданың қысқаруы;
- кәсіпорындардың шаруашылық қызметін реттейтін ішкі заңнаманың тұрақсыздығы.

Осылайша, салық ставкасы кәсіпорынның өз қызметін жасырын секторға аударудың жалғыз факторы емес. Оны теріс құбылысқа қарсы әрекет ету шараларын әзірлеу кезінде ескеру қажет.

Көлеңкелі экономикалық қызметтің анықталған факторлары бюджеттік зиянды азайту сценарийінің негізін құрады. Бюджеттік зиянды қысқартудың авторлық сценарийі шаруашылық субъектілер үшін «антифакторлық» жағдайларды қалыптастыруды болжайды, онда ресурстарды бейресми секторға аудару экономикалық тұрғыдан орынсыз болады. Оны жүзеге асыру үшін әділ бәсекелестікті ынталандыру, заңды мүліктің нақты қорғалуын қамтамасыз ету және бюджеттің жоғары тиімділігі бар кәсіпорындар үшін артықшылықтар жасау қажет. Анықталған факторлар әкімшілік және либералды сценарийдің салыстырмалы талдау негізін құрады, бұл факторлық сценарийі шаруашылық субъектілері үшін де, мемлекеттік бюджет үшін де оңтайлы теңгерім болып табылады. Бұл жағдайда әкімшілік сценарийдің шаралары салық

төлемеушілерге қолданылады, ал либералды сценарийдің шараларынан ашық салық заңнамасын жасау керек.

Мемлекеттік деңгейде ұзақ мерзім жұмыс істейтін, жүйе түріндегі ауқымын азайтуға бағытталған, көлеңкелі экономикалық үдерістерге кешенді факторлық ықпал қажет. Жүйе барлық шаруашылық субъектілерін 3 топқа бөлу қағидатына негізделуі қажет: заңға бағынатын (I), шартты түрде заңға бағынатын (II) және заңға бағынбайтын (III), сондай-ақ әділдік, болжамдылық, ашықтық, салықтық әкімшілендірудің адрестілігі және тиімділігі.

Автор көлеңкелі экономикалық үдерістерге факторлық әсер ету жүйесі шеңберіндегі орта мерзімді кезеңге арналған (10 жыл) бағдарламалық іс-шараларының негізгі мақсаттары ретінде келесіні анықтайды:

- I топ үшін: кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде экономикалық және әлеуметтік артықшылықтар жасау;

- II топ үшін: әділ бәсекелестік үшін жағдайлар жасау және заңнамаға сәйкес экономикалық мүдде тетігін құру;

- III топ үшін: құқық бұзушылықты анықтай және жауапкершілік шараларын күшейте отырып, жоғары тәуекелдерді жасау.

Осы мақсаттар бойынша нақты шаралар ұсынылады:

Көлеңкелі экономиканың үдерістеріне кешенді факторлық әсер ету аясында:

- ақпараттық, талдамалық, ұйымдастырушылық деңгейін қамтитын өңірдің шаруашылық кешеніне көлеңкелі экономикалық қызметтің әсерін қадағалау жүйесі;

- шетелдің тәжірибе негізінде көшпелі салық тексерістерінің жоспарын әзірлеу алгоритмі;

- бір күндік фирмаларды анықтау схемасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен өзара іс-қимылдың көмегімен салықтан жалтаруға қарсы әрекет ету ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне келтірген зиянды барынша азайтуға бағытталған көлеңкелі экономикалық қызметке қарсы күресті жетілдіру мақсатында келесі ұсынымдар жасалды:

Заңнама саласында:

- көлеңкелі экономиканың анықтамасын тұжырымдамалық және заңнамалық тұрғыда бекіту. Көлеңкелі экономика – бұл қосымша пайда алу мақсатында үрдістер мен олардың нәтижелері әдейі бұрмаланған экономикалық қызметтің секторы (соның ішінде жасырылған);

- үй (бейресми) экономикасын көлеңкелі экономикалық қызметтен ажырату;

- мұнай мен қымбат металдарды экспорттауға рұқсат беру рәсімінің ашықтығын арттыру;

- қаржылық ақпарат алудағы екінші деңгейдегі банктермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер комитетін банктік құпияны қамтамасыз ету субъектілеріне заңға сәйкес ендіру.

- халық (барлық оқу орындары, мектептерді қоса алғанда) және кәсіпкерлердің мінез-құлығында ұзақ мерзімді жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеу.

Экономикадағы көлеңкелі үдерістерді бағалау әдістемесі саласында:

- көлеңкелі экономиканың көлемін бағалау әдістерінің қатысушы-сараптамалық сипатының қағидатын құру;

- экономиканың көлеңкелі үдерістерін анықтаудың арналған есепке алу және статистикалық тәсілдерін қайта бөлу мәнін көрсету әдістері есебінен жетілдіру;

- статистикалық органдардың деректерін министрліктер мен ведомстволардың ақпаратымен біріктіру, оларды бірыңғай стандарттарға келтіру;

- мұнайды сақтау жерінен, ұңғымалар мен мұнай құбырларынан мұнай ұрлауды анықтау және саралау міндеттерін шешу үшін автоматтандырылған ақпараттық-ізвестіру жүйесін құру.

Экономикалық қылық саласында:

- мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын ынталандырудың материалдық және материалдық емес шаралары үшін «адал» өлшемді енгізу;

- тіркелген кәсіпкершілікті мемлекет деңгейінде қорғау үшін тиімділігі жоғары институтты құру арқылы экономикадағы көлеңкелі секторды жою;

- ҚР СК салық есебін енгізу үшін шығындарды азайту бөлігін жетілдіру;

- көлеңкелі шаруашылық субъектілерін қолдайтын мемлекеттік қызметшілерді жауапкершілікке тарту мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен және бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықтасу;

- көлеңкелі экономикалық қызметті жүзеге асырудан туындайтын кәсіпорынның тәуекелін бағалауда жасырын және жалған әрекеттерді ажырату;

- заңға бағынатын салық төлеушілердің инвестициялық ресурстарға қолжетімділігін арттыру, заңдылықты сақтайтын салық төлеушілер тобы компанияларына мемлекеттік тендерлерге қатысуға негізгі құқықтарды беру және оларға әкімшілік қысым көрсетуді азайту үшін рейтинг жасау;

- ҚҚС бойынша салық салынатын базаны кемітетін жалған мәмілелерді болдырмау үшін қосымша есептердің санына заңды түрде шектеу қою;

- Кәсіпорындарда салық төлеуден кейін қалатын табыстың үлесін ұлғайту үшін Лаффер моделіне сәйкес салық ставкаларын төмендету.

Сауда саласында:

- салық органдары тарапынан тиімді басқаруға қол жеткізу үшін жекеленген сауданың қазіргі заманғы нысандарының үлесін ұлғайту, құрылыста экономикалық преференцияларды және қазіргі заман нысандағы ұйымдасқан нарықтардың иелері үшін салық жеңілдіктерін енгізу;

- бәсекелестікті арттыру мақсатында саудамен айналысатын шаруашылық субъектілері үшін артықшылықтар мен жеңілдіктері бар мемлекеттік несиелерді кеңейту;

- кедендік бақылау құжаттарын, әсіресе мұнай экспортына қатысты құжаттарды Мемлекеттік кіріс комитетіне жедел жолдауды ұйымдастыру.

Банк саласында:

- Қазақстан Ұлттық Банкінің күмәнді операциялар мен қолма-қол ақшаны алуға шектеу қойылған операциялар жүргізу туралы хабардар ету мерзімін қысқарту;

- елден капиталдың заңсыз шығарылуын болдырмау мақсатында сыртқы экономикалық операциялар бойынша төлемдерді жүзеге асыратын банктерді қадағалауды кеңейту.

Салықтық басқару саласында:

- шаруашылық жүргізуші субъектінің қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша салықтың (барлық түрлердің) сомасына және айналымына кері пропорционалды тәуелділіктің өлшемін енгізу;

- олардың адресілігін көтеру мақсатында салықтық тексерулерге кандидаттарды іріктеу кезінде диагностикалық шолу жасауды енгізу;

- басқа салық төлеушілердің қаржылық қызметіндегі ауытқуларды талдау үлгісін алу мақсатында бақылаушы органдар адал шаруашылық субъектілерінің қызметін мұқият талдауы тиіс;

- салық төлеушілердің саналылығын арттыру мақсатында салық төлеуден жалтару тәсіліне қарай сараланған міндеттемелерді енгізу;

- шет елдердің тәжірибесіне ұқсас салық органдарына жылжымайтын мүліктің өсуін және азаматтардың тұтыну деңгейін бақылау құқығын беру;

- еңбекақы берудің «сұр» схемаларын болдырмау үшін арнаулы салық режимінде тұрған шағын бизнестің кірістері мен шығыстарын есепке алу тетігін енгізу;

- тексеру барысында анықталған көлеңкелі қызмет субъектілері үшін, жоғары қаржылық тәуекелмен бірге «көлеңкеден» шығуға шешім қабылдаған шаруашылық субъектілері үшін салық амнистиясының тұрақты тетігін енгізу.

Ақпараттық салада:

- салық заңнамасының ашықтығын арттыру үшін дербес онлайн салық кеңесшілерінің тегін интернет-ресурсын құру;

- Barclays Bank бағдарламалық жасақтамасына (Ұлыбритания) ұқсас шаруашылық субъектілерінің қаржылық қызметін бақылау саласындағы тиімді ақпараттық өнімдермен салықтық бақылауды қамтамасыз ету;

- көлеңкелі айналымға ресурстарды аударудың іс-жүзіндегі тәжірибесі бар тұлғаларды тарту арқылы қадағалау органдары қызметінің тиімділігін арттыру (салықтық амнистия бойынша өткізілетін көлеңкелі қызметтің субъектілерімен ынтымақтастық, сондай-ақ тексерістер барысында анықталған субъектілердің жауапкершілігін барынша азайту туралы мәмілелер жасасу).

Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары келесі жарияланымдарда көрсетілген:

I. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда:

1. Көлеңкелі экономиканың мемлекеттік бюджетке әсері және онымен байланысты экономикадағы үдерістер. //Экономика: стратегия және практика. – Алматы, 2015. – № 4 (36). – 112-121 б.

2. Көлеңкелі экономиканың зиянына зайтатын факторлар мен сценарийлерді талдау // Экономика: стратегия және практика. – Алматы, 2017. – № 1(41). – 109-117 б.

3. Көлеңкелі экономиканың көлемін анықтау және бағалау әдістемесі: шетелдік және отандық тәсілдер. // Экономика және статистика. – Астана, 2017. – № 2. – 52-62 б.

II. Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректеріне сәйкес нөлдік импакт-факторы бар немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда:

1. Shadow economic activities: assessment and minimization problems (Көлеңкелі экономикалық қызмет: бағалау проблемасы және оны қысқарту тәсілдері) // International Journal of Economics and Financial Issues (IJEFI) is the international academic journal, Turkey journal, 2016. – № 6 (4). – 1515-1524 б.

2. The Subsequent Quality Assessment of Audit of States' Financial Resources: Methodological Issues of Algorithm Elaboration (Мемлекеттің қаржылық ресурстарын тексеру сапасын бағалау: алгоритм құрастырудағы әдіснамалық мәселелер) // IJER-SP - International Journal of Economic Research (ISSN 09729380-India-Scopus), 2016. – № 13 (9). – 3973-3989 б.

III. Халықаралық конференциялардың материалдарында, соның ішінде 3 (үш) шетелдік конференцияның материалдарында:

1. Scientific approaches to determine the shadow economy's nature (Көлеңкелі экономиканың мәнін анықтаудағы ғылыми тәсілдерді талдау) // «Proceedings of the 17-th International Scientific Conference Finance and Risk 2015». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция – Братислава, 2015. – 1-том – 19-31 б.

2. Көлеңкелі экономика және сыбайлас жемқорлық – бір-бірімен өзара байланысы // «Қазіргі заманның тиімді зерттеулері» X халықаралық ғылыми конференциясы. – Мәскеу, 2015. – 95-99 б.

3. Көлеңкелі экономикалық қызметті анықтаудың экономикалық-математикалық моделі // «Экономика және басқару: дамудың үдірістері мен әдлеуетін талдау» XXXIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Новосибирск, 2017. – 16-23 б.

4. Қазақстан Республикасында бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістері // «Нарық және өндіріс тиімділігі-14» XXXIII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, Көкшетау, 2017. – 57-62 б.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан – 2018. – 11 қаңтар. –2-3б
2. Shadow Sovereign Ratings For Unrated Developing Countries. World Bank. Washington: Development Prospects Group, 2017. - 51 p.
3. Emerging from the shadows The shadow economy to 2025 // Think Ahead АССА. – 2017. – P. 2 - 26.
4. Зейнельгабдин А.Б., Әбіл Е.К., Қари А.М., Байзақов Д.Б. Scientific approaches analysis to determine the shadow economy's nature (Көлеңкелі экономиканың мәнін анықтаудағы ғылыми тәсілдерді талдау)// «Proceedings of the 17-th International Scientific Conference Finance and Risk 2015». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция – Братислава, 2015. –1-том –19-31 б.
5. Байзақов Д.Б., Қари А.М. Shadow economic activities: assessment and minimization problems (Көлеңкелі экономикалық қызмет: бағалау проблемасы және оны азайту тәсілдері)// International Journal of Economics and Financial Issues (IJEFI) is the international academic journal, Turkey journal, 2016. – № 6 (4). –1515-1524 б.
6. Байзақов Д.Б.Көлеңкелі экономикалық қызметті анықтаудың экономикалық-математикалық моделі // Экономика және басқару: дамудың үдірістері мен әлеуетін талдау» XXXIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Новосибирск, 2017. – 16-23 б.

Abstract

for the thesis of PhD candidate of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan Daniyar Bogenbayevich Bayzakov in Specialty 6D050600 “Economics” on the topic: “Shadow economy and its influence on the collection of state budget revenue”

Relevance of the research. The influence of latent shadow processes of the economy on the state budget revenue is so great that it poses an economic threat to the country.

The problem of assessing the damage caused by shadow economic activities to state revenues is particularly severe now; it is determined by a combination of objective and subjective factors. First, the shadow processes affect all stages of production and resources redistribution, while violating the integrity of the economy of the country and leading to a shortage of tax revenues in the republican and local budgets. Secondly, the activity in the shadow economy is characterized by partial or complete concealment of income, which leads to falsification of tax, financial, statistical and other types of reporting. As a result, the summarized results for a certain entity or group are unreliable. Thirdly, the shadow economy focuses on large-scale resources, which can be a factor for economic growth.

In the State of the Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan of 2018, N. Nazarbayev changes the trajectory of the attitude to the shadow economy by representing it not as a sphere that requires liquidation and punishment, but as a potential resource of the country's economy: “We need strong actions aimed at improving the business climate, especially at the regional level. The government should prepare a new set of systemic measures to support business, to bring out of the shadows”. [1]

Taxes are the main source of state revenue. They finance the basic needs of the society: maintaining social guarantees for the population, development of the economy, improvement, ensuring defense capacity, etc., that is taxes ensure life activity of society and existence of the people within the framework of statehood as a whole. The damage to the budget-tax system caused by the shadow economy creates a serious threat to the sustainable development and livelihood of the state.

Determining the size of understatement of the tax base, concealment of proceeds, illegal refund of taxes from the budget, is undoubtedly of interest to the government, law enforcement and regulatory agencies. The complexity of the assessment is determined by the need to systematize the conceptual framework and to develop methods for assessing the damage based on the study of the main indicators that affect the dynamics of shadow activity.

The shadow economy develops outside the state accounting and control; therefore it leads to tax arrears in budgets of all levels. This phenomenon is typical for absolutely every economic system. However, while in developed countries it accounts for 7-8% of national GDP, in Kazakhstan it is 20,5 % of GDP according to the World Bank [2]. According to other estimates, these figures, in fact, are 2.5 times higher (ACCA) [3]. There are a lot of such “multi-outcome” assessments, both on international and expert levels, within the country. Significant difference in the

figures indicates that economists have not yet developed a unified approach to assessing the extent of the shadow economy. Incorrect accounting makes it impossible to build a system of macroeconomic indicators, which leads to mistakes in choosing a strategy for conducting macroeconomic policies.

